

“Bal - Ayim” бөбекжай балынасы

# Әлемді тербеткен аяулы - Ана

Топ: “Балауса” ересек тобы

Төп тәрбиешілері: Бейсова Гүлзира  
Уристемова Санията

2024 – 2025 оқу жылы



**«Әлемді тербеткен аяулы- ана» атты**

**8- наурыз аналар мерекесіне ариалған ертеңгілік.**

*Аналарды сүйеміз!*

*Сөзін ойга түйеміз.*

*Әрқашан біз ардақтап,*

*Әжеге бас иеміз!*

*Сенен өскен балалар-*

*Батырлар мен даналар.*

*Құттықтаймыз мейраммен*

*Күрметті ана, аналар!*

**Жүргізуши:** Қымбатты да ардақты, аяулы аналар мен күрметті көктемдегі құлпыраган қыздар!

*Гүл көктем, ару көктем, күн көктем!*

Сіздерді көктемнің алғашқы айында еліміздің барлық жерінде тойланатын 8-наурыз әжелер, аналар, қыздар мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздерге әлемнің нұрын, өмірдің гүлін, көктемнің шуағын тілейміз! Мына жарық дүниенің мәні де, сәні де сіздерсіздер! Балалардың сіздерге ариалған «Әлемді тербеткен аяулы жан» атты ертеңгілімізді қабыл алыңыздар.

Балалар залға көнілді ән-күймен, үлдар кіреді бір рет айналып токтайды, содан кейін қыздар кіреді билеп бір рет шенберді айналып үлдарға қарама-қарсы тұрады, үлдар бір-бірден барып қыздардың қолдарынан ұстап орындыққа отырғызады, содан кейін өздері отырады.

**Жүргізуши:** Балалар қалай ойлайсындар бүгін қандай мереке?

Балалар ең асыл жан кім? \ Ана\

Кызығында, бұзығында көтеретін кім? \ Ана\

Үнемі жанында періштедей қорғаштап, демеу беретін кім? \ Ана\

Сонымен бүгін қандай мейрам? \ Аналар\

Осындай үлкен мейрамында аналардың жүзіне кішкене болса да куаныш сыйлагымыз келе ме? \ Иә \

Ендеше бәріміз орынныздан тұрып аналарға арнап ән айтамыз.

Ән «Ана ана деп ән саламын» Хор

Ақ анашым, әппағым.

Өзің жайлы тақпағым.

Ариалады сіздерге.

Бар баланың тақпағы:-дей отыра сіздерге ариалған тақпактары қабыл алыңыздар!

Наурыздың сегізі,

Сұлулыктың негізі.

Әдемі сөз баланың,

Анаға айтар лебізі.

Әр сөзімді жаттаған,  
Жүргімде сақтаған.  
Анашым деп мақтанам,  
Айналайын ақ а남

Алпештеген аялаған.  
Ақ сұт берген апатайым.  
Салем жазып бүгін саған.  
Мейрамыңмен құттықтайымын!

Анаң болса касында  
Басқа бақыт не керек  
Аналардың жүргегі  
Мейірімді ғой керемет

**Жүргізуши:**  
Ақ қар еріп  
Су көбейіп! Сай салаға толады.  
Ағаш басы бүршік атып,  
Гүл бәйшешек басады.  
Балаларым айтындаршы бұл қай кезде болады? Көктем мезгілінде\

**Көктем келеді.** \балалар мен амандасады.\  
**Жүргізуши:** Көктем ,қош келдің ,төрлет Көктем! Біз сені көп құттік !  
Біздің балалардың көктемнің алғашқы мерекесіне қалай дайындалғандарың тамашала !

Мерекеге арналады бүгін билер ,  
Кетерілсін канекей,көніл күйлер  
Алдарыңызға қазір көктем өзіңізге арнап балалар өнерлерін көрсетпек.  
Қол соғып демеу берер көрермендер  
Би  
Қыз бала гүл

Мен анамды сүйемін,  
Құшағына енемін.                    Айсұлтан  
Мәпелеген анамды,  
Куантсам деп келемін.

Бүгінгі көктем күнінде,  
Барлық адам куанаар,                    Ақмарал  
Аналарды мейраммен

Құттықтайды балалар.

Мені жақсы көреді  
Күндей күліп келеді  
Көп ертегі біледі  
Маган айтып береді

Мұсілім

Бәрімізге анамыз  
Біз үшін күн боп жанасың  
Құтты болсын мерекен  
Құттықтаймын анашым!

Бізді өсірген анажан.  
Енбегі де зор екен.  
Құтты болсын анажан!  
Құтты болсын мерекен!

Рауана

Ақ кабакты анашым  
Күн сәулелі анашым.  
Әлпештеген баласын,  
Айналайын анашым.

Хакназархан

### Қектем:

Балалар сендер ойынауды жақсы көресіндер ме? Егер сендер менің сұраптарыма жауап берсендер мен сендерге ойын әкелдім, келісесіндер ме?  
Балалар қектемде қандай өзгерістер болады?

Қектем мезгілінде қай жақтан құстар ұшып келеді?

Қектем мезгілінде ен алғашқы қандай гүл шығады?

Дұрыс менің қолымда бәйшешек гүлдер, Қазір мен бұл гүлдерді жерге бесеуін қоямын, музика ойналады, сендер билейсіндер, музика тоқталғанда тез гүлді жерден алу керек, кім үлгірмейді сол ойынан шығады.

**Қектем:** Балалар мінің уақытым келіп қалды. Бырақ мен енді әркез сендермен бірге боламын! Сау болыңыздар!

Мың бұралған ақ қайынданай  
Бишілер шықсын ортага.  
Ал ендеше қол соғайык,  
Қошеметпен қолқала.

Би «Папури»ұлдар

### Такпактар:

Күттү болсын анашым  
Күттү болсын мерекен  
Әр кез саған тілеймін  
Ұзак өмір жолдарын

Аршат

Эн «Әдемі ана!»-орындайтын хор.

Жанымызды жайнатқан  
Өзініз гой аналар  
Зор денсаулық, мол бакыт  
Тілейміз біз балалар.

Куанамыз сыйлаймыз  
Куаныштың мың гүлін  
Аналарды құттықтап  
Жырдан шашу арнаймыз.

Айшабибі

Жүзімізге караңыз  
Бал күлкілі баламыз  
Бізге қымбат күн шуак  
Бізге қымбат аналар!

Аяла

Баланың да тірегі  
Дананында тілегі  
Ауырмасын ешқашан  
Анамыздың жүргегі.

Ясина

Менің әжем, гүл әжем  
Алтын әжем, күн әжем  
Анам үшін, мен үшін  
Нагыз ана, тілі әжем

Сырым

**Жүргізуши:** Тамаша, міне көрдініздерме біздің балалар өнерлі әнші, және өсіп жатқан артистер!

**Біз сыйлықты дүкенен сатып алмаймыз.**

**Оз өнерімізді қолымыздан жасаймыз.**

**Аналар күніне бір-бірден сыйлаймыз!**

**Бүгінгі мерекеге өздерінің қолдарымен жасаған сыйлықтарын табыс етуге рұксат етініздер. ( балалар гүлдерімен ортаға шыгады**

Аналар,әжелер біздің үлдар текқана аналарға емес және қыздарға да сыйлықтар дайындаған,соны табыс етуге рұқсат етіңдер.

Күндерініз толсын гүлге, желекке  
Отбасында болсын ырыс-береке  
Күттықтаймыз шын жүректен сіздерді  
Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге арналған  
ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп раҳмет

8 март  
төрбеткен  
аяулы-ана!

